

- 4 Berdibayev, R. (1970, September 25). Murager paryzy [The duty of the heir]. Kazak adebieti.
- 5 Kazak adebietinin tarikhy [History of Kazakh literature]. (1967). Vol. III, Book II. Almaty: Kazak SSR FA baspasy, 664 b.
- 6 Berdibayev, R. (1967). Roman zhane zaman [The novel and the era]. Almaty: Zhazushi, 580 b.
- 7 Berdibayev, R. (1977). Gasyrlar tolgaуy [Reflections of centuries]. Almaty: Zhazushi, 320 b.
- 8 Berdibayev, R. (1975). Qazaq romany [Kazakh novel]. Almaty: Kazak SSR “Bilim” qogamy, 48 b.
- 9 Berdibayev, R. (1975, January 3). Alpystyn asuynda [At the age of sixty]. Kazak adebieti.
- 10 Kazak tarikhi zhyrlarinin maseleleri [Issues of Kazakh historical poems]. (1979). Almaty: Gylym, 312 b.
- 11 KazaK folklornyn tipologiyasy [Typology of Kazakh folklore]. (1981). Almaty: Gylym, 307 b.
- 12 Berdibayev, R. (1982). Qazaq eposy. Zhanrlyk zhane stadiyalyk maseleler [Kazakh epic: Genre and stage issues]. Almaty: Gylym, 232 b.
- 13 Matayeva, A., Zhumagul, S., Sarybayeva, B., Yerlanova, A., & Chuzhayeva, A. (2025). Modern Approaches to the Theory and Methodology of Kazakh Literary Studies: Integration of National and Global Trends. Forum for Linguistic Studies, Volume 07, Issue 02, Pages 639-653.
- 14 Bankoff, G. (2022). Remaking the world in our own image: Vulnerability, resilience, and adaptation as historical discourses 1. In Why Vulnerability Still Matters. Routledge. <https://doi.org/10.1111/disa.12312>.
- 15 Zhakulayev, A., Takirov, S., & Khassenov, B. (2024). Literary text and historical discourse: A questionnaire study. International Journal of Innovative Research and Scientific Studies, 7(3), 1174-1181.

Received: 29.12.2026

MFTAP 17.09.91

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp286-300](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp286-300)

С.А. Итегулова¹, Б.С. Жонкешов¹

¹Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, 050010, Қазақстан

АЛДАР КӨСЕ БЕЙНЕСІН ЗАМАНАУИ АНИМАЦИЯ МЕН КОМИКСТЕ ВИЗУАЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі заманауи мультимедиялық өнімдер балалар психикасына айтарлықтай әсер етеді, сондықтан фольклорлық кейіпкерлерді анимация және комикс форматында тиімді бейнелеу өзекті мәселе болып отыр. Зерттеу қазақ фольклорындағы парасатты жеңімпаз типіне жататын Алдар көсені визуалдаудың педагогикалық, психологиялық және мәдени әлеуетін ашуды мақсат етеді. Мақалада Алдар көсе бейнесінің юморға және агрессиясыз мінез-құлыққа негізделген ерекшеліктері, ұлттық кодты сақтау принциптері және аудиторияның жас ерекшеліктеріне сәйкес бейімделу жолдары кешенді түрде қарастырылады.

Мақаланың теориялық маңыздылығы фольклорлық кейіпкерлерді заманауи мультимедиялық форматқа бейімдеудің әдістемелік тәсілдерін жүйелеуімен, анимация мен комикс саласындағы ғылыми зерттеулерді толықтыруымен негізделеді. Практикалық мәні балалар аудиториясына арналған мультимедиялық өнімдердің тәрбиелік, эстетикалық және когнитивтік әлеуетін арттыру, ұлттық кейіпкерлерді мәдени брендке айналдыру арқылы отандық анимация индустриясын дамыту барысындағы тұжырымдарымен айқындалады.

Зерттеу әдістері ретінде контент-талдау, салыстырмалы талдау, мәдени-антропологиялық және теориялық талдау қолданылды. Материал ретінде қазақ фольклорындағы Алдар көсе ертегілері, отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, анимация мен комикс теориясына арналған әдебиеттер, сондай-ақ жапон анимациясындағы фольклорлық кейіпкерлерді визуалдау тәжірибелері пайдаланылды.

Нәтижелер көрсеткендей, Алдар көсе бейнесі эпизодтық құрылым, юморлық сипат және агрессиясыз әрекеттер арқылы балалардың логикалық ойлауын, себеп-салдарлық байланысын, эмоционалдық қабылдауын және әлеуметтік дағдыларын тиімді дамытады. Ұлттық киім үлгілері, ою-өрнек және музыкалық сүйемелдеу балалардың этномәдени танымын арттырады. Анимациялық сериалдар, комикстер және оқу-әдістемелік материалдар арқылы кейіпкерді сипаттау ұлттық бренд қалыптастыруға және мәдени құндылықтарды насихаттауға мүмкіндік береді.

Осылайша, жүргізілген зерттеу Алдар көсе бейнесін заманауи мультимедиялық өнімдерге бейімдеудің педагогикалық, психологиялық және мәдени тұрғыдан тиімді әдістемесін ұсына отырып, балалардың эстетикалық, когнитивтік және тәрбиелік дамуына үлес қосады.

Кілт сөздер: Алдар көсе, анимация, комикс, визуализация, ұлттық код, педагогикалық әлеует.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Анимациялық фильмдердің қазіргі қоғамдағы орны мен олардың балаларды тұлға ретінде қалыптастырудағы маңызы туралы зерттеулер көп. Пікірлердің бір тобы оларды балалардың бос уақытын өткізу формасы, көңіл аулау құралы деп бағаласа, екінші тобы оларды баланың рационалды ойлау және сөйлеу қабілетін тежейтін зиянды құрал ретінде таниды. Осы жерде «анимациялық фильмдерді қарау арқылы баланың сөздік қоры молайып, қиялы дамиды» дейтін пікірді ұстанушылардың да барын ескерте кеткіміз келеді. Ал келесі топ анимациялық фильмдерге қоршаған әлем туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыратын танымдық тәсіл ретінде қарайды.

Жалпы анимация атауына терминологиялық сөздіктерде «графикалық элементтің визуалдық көрсетілуін уақыт ішінде өзгерту» деген анықтама біріледі. Сөздікте анимацияның күрделі процестерді иллюстрациялау үшін де тиімді қолданылатынын жазумен бірге, оның көзді тез шаршату, ойды жинақтауға кедергі келтіру сияқты кемшін тұстары атап өтіледі. Осыған байланысты құрастырушылар анимацияны пайдалану барысына ерекше талаптар қойылатынын баса көрсетеді [1:10]. Бұл анықтама анимацияны қозғалыс әсерін тудыратын көрнекі өзгерістердің жиынтығы деп қарастырады, яғни бір сурет немесе графикалық объект уақыт өте келе формасын, түсін, орнын немесе басқа қасиетін өзгертіп, сол арқылы көрерменге қозғалыс, тіршілік әсерін береді.

Анимация термині латынның «animatio» деген сөзінен шыққан, қазақша «рухтану, жаңғыру, тірілу, жандану» деген мағынаны білдіреді. Демек, анимация белгілі бір іс-әрекеттің өту барысын көз алдымызға келтіретін жанды суреттер, тізбектелген оқиғалар. Жалпы анимациялық фильмдердің баланың таным деңгейін көтеретін тұстары аз емес. Алайда олардың ішінде ешбір тәлім-тәрбиелік мәні жоқ, сюжеттік желісі түсініксіз, бірақ жарқ-жүркі еткен бояуы басым туындылар да бар. Бір өкініштісі, кіші мектеп жасына дейінгі балалар аудиториясында мұндай өнімдер жоғары сұраныста. Бұл сипаттағы анимациялық фильмдердің баланы тұлға ретінде қалыптастыру барысында зиянды екенін, олардың психологиясы мен интелектісіне кері әсер ететінін әр ата-ана қаперіне алғаны жөн. Анимациялық фильмдердегі жақсылықтың зұлымдықты жеңіп, бас кейіпкердің бақытқа кенелуі – жас ұрпаққа жақсы мотивация. Баланың психологиялық дамуына әсері туралы зерттеулер көрсеткендей, анимациялық кейіпкерлердің мінез-құлқы, сюжеттік шешімдері және визуалды әсері эмоционалды интелектке, қиял мен шығармашылық қабілетіне ықпал етеді [2].

Осы орайда, анимацияның мазмұндық сапасы мен тәрбиелік әлеуетіне қойылатын талаптарды ескере отырып, әлемдік индустриядағы озық үлгілерді саралау қажеттілігі туындайды. Анимациялық өнімдердің балалар мен жасөспірімдерге ықпалын нақты мысалдар арқылы талдау аса өзекті. Соның ішінде қазіргі жастар арасында кең таралған жапон анимациясы тәрбиелік әсері жоғары мәдени феномен ретінде ерекше назар аударуды қажет етеді. Өйткені анимациялық индустриядағы визуалды стимуляцияға негізделген мазмұнсыз өнімдердің артуы баланың когнитивтік дамуына қауіп төндіріп отыр. Фольклорлық кейіпкер бұқаралық мәдениетке өткен кезде ол өзінің бастапқы этикалық жүгін жоғалтып, тек коммерциялық насанға айналуы мүмкін. Алдар көсе бейнесін сақалмен салып қою немесе кейіпкер бейнесінің әлі күнге дейін унификацияланбауы осылай айтуымызға себеп болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, жапон анимациясындағы ұлттық кодты сақтау тәжірибесі мәдени мұраны цифрлық реконтекстуализациялаудың озық үлгісі болып табылады. Алдар Көсе бейнесін жаңа медиа-форматтарға көшіру барысында оның фольклорлық архетипін заманауи «азаматтық» санамен байланыстыру ұлттық мәдени кодтың сақталуының басты кепілі болмақ.

Жапон анимациясы тәжірибесінде фольклорлық кейіпкерлер заманауи көркемдік тәсілдермен ұштастырылған, бұл ұлттық мәдени кодты сақтауға және жас көрерменнің эстетикалық талғамын дамытуға мүмкіндік береді [3]. Жапон анимациясындағы ұлттық кодты сақтаудың мұндай тәжірибесі отандық өнімдерді цифрлық форматқа бейімдеу барысында негізгі методологиялық ұстаным ретінде қарастырылуы тиіс. Дәстүрлі фольклорлық кейіпкерлерді заманауи форматта бейнелеу кезінде олардың бастапқы мәні мен тәрбиелік әлеуетін сақтау маңызды. Сол себептен, зерттеу нысаны ретінде алынған Алдар көсе бейнесін заманауи анимация мен комиксте бейнелеу барысында оның юморға негізделген, агрессиясыз мінезін сақтау, сюжеттерді аудиторияның жас ерекшелігіне сәйкес бейімдеу және ұлттық код пен мәдени сабақтастықты сақтаған жөн.

Жапон анимелеріндегі фантастикалық сюжеттердің көбі жапон фольклорының негізінде құрылғанын айта кеткеніміз жөн. Фольклорлық кейіпкерлерді қолдану барысында авторлар кейіпкерлердің фольклорлық сипаттамаларына сүйенумен бірге, визуалдау барысында заманауи реңктерді де береді. Сол арқылы оларды көне қабаттардан аршып, бүгінгі көрермеге жақындатады. Дегенмен ұлттық бірегейлікті сақтау мәселесі маңыздылығын жоймайды [4]. Осы үрдіс жапондық аниме жасаушылардың фольклорлық кейіпкерлерді заманауи көрермендерге бейімдеудегі негізгі стратегиясын көрсетеді. Тарихи-фольклорлық болмысты сақтай отырып, заманауи визуалды реңктерді енгізу арқылы ұлттық мәдени кодты жеткізу мүмкіндігі артады.

Жапонияда жас көрерменге арналған аниме мен комикстер ұлттық мәдени код пен дәстүрлі элементтерді сақтай отырып, заманауи визуалдық стильмен үйлестіріледі. Фольклорлық кейіпкерлер мен сюжеттерді осылайша заманауи көркемдік тәсілдермен ұштастыру әдісі ұлттық мәдени мұраны қазіргі аудиторияға қолжетімді әрі тартымды етіп ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл үрдіс кейіпкерлердің тарихи-фольклорлық болмысын сақтай отырып, оларға жаңа реңк беру арқылы мәдени сабақтастықты қамтамасыз етеді. Осылайша фольклорлық элементтерді қазіргі көрермен санасына жақындатып, мәдени кодтың үзілмей, қайта жандануына ықпал етеді. Бұл мәселе отандық зерттеулер де көтеріліп жүр. Зерттеушілер қазақ фольклоры кейіпкерлерін мультимедиа форматында визуалдаудың тәрбиелік және эстетикалық маңызы бар екенін баса көрсетуде. Қазақ фольклоры кейіпкерлерін мультимедиа форматында бейнелеу балалардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады, олардың қиялын дамытады және тәрбиелік әсер береді [5].

Жапондық анимациялық индустрияның тәжірибесі фольклорлық кейіпкерлерді тек визуалды стимуляция құралы емес, ұлттық бірегейлікті сақтаушы «мәдени тасымалдаушы» ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Фольклорлық тұлғалардың бұқаралық мәдениетке өтуі – олардың өміршендігінің кепілі, бірақ бұл процесс кейіпкердің этикалық өзегін сақтауды талап етеді. Алдар Көсе бейнесін жаңа форматтарға бейімдеу кезінде оның «айлакер-трикстер» табиғатын заманауи «азаматтық» жауапкершілікпен ұштастыру – ұлттық кодты

цифрлық дәуірде трансформациялаудың ең оңтайлы моделі. Фольклорлық кейіпкерлерді визуалдау ұлттық мәдени кодты сақтай отырып, жас көрерменнің эстетикалық талғамын, қиялын және тәрбиелік құндылықтарын дамытуға мүмкіндік береді.

КІРІСПЕ

Заманауи анимациялардың бала психикасына тигізер әсері мол және ол теріс сипатта да болуы мүмкін. Бала табиғатын атыс-шабысқа толы сюжеттердің қызықтыратынын мамандар растауда. Бірақ бұл атыс-шабыс озбырлықты насихаттамауы тиіс. Өйткені арнайы жүргізілген зерттеулер агрессиялық сипаттағы анимациялық фильмдерді көргеннен кейін балалардың бойында ішкі және сыртқы агрессияның элементтері басталып, үш күн өткеннен кейін де үдей түсетінін анықтаған [6]. Бұл мәселе мультимедиялық өнімдердің тәрбиелік функциясы зор екенін және олардың мазмұнының бала психикасына бейімдеу керектігін дәлелдейді. Демек заманауи анимациялар баланың эстетикалық қызығушылығын қанағаттандырумен бірге, тұлғалық дамуына зиян келтірмеуі үшін тәрбиелік, танымдық және психологиялық тұрғыдан қатаң сүзгіден өткені жөн. Осы тұста балаларға арналған мультимедиялық өнімдердің мазмұнын таңдауда ұлттық фольклорға негізделген үлгілерге назар аударудың маңыздылығы туындайды.

Қазіргі жаһандану жағдайында анимациялық фильмдер мен комикстер балалар мен жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастыратын маңызды мәдени құралдардың біріне айналды. Визуалды контенттің қолжетімділігі мен әсер ету ауқымының кеңеюі кейіпкер бейнесінің тәрбиелік функциясын күшейтті. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық фольклор кейіпкерлерін заманауи форматта қайта ұсыну мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.

Қазақ анимациясы мен комикс өнерінде фольклорлық бейнелерді пайдалану үрдісі болғанымен, олардың тәрбиелік, психологиялық және мәдени әлеуеті толық деңгейде игерілді деу қиын. Әсіресе юмор мен айлаға негізделген образдарды ғылыми тұрғыда саралау қажеттігі байқалады. Осы орайда қазақ фольклорындағы Алдар көсе бейнесі ерекше назар аудартады.

Қазақ фольклорындағы Алдар көсе бейнесін заманауи визуалды мәдениет контекстінде қарастырғанда, оны халықаралық ғылыми айналымдағы трикстер архетипімен байланыста аламыз. Алдар көсе – осы архетиптің қазақы танымдағы жоғары этикалық деңгейге көтерілген үлгісі. Ол жай айлакер емес, ол – әлеуметтік әділеттілікті реттеуші «парасатты жеңімпаз».

Мақаланың мақсаты Алдар көсе бейнесінің көркемдік идеялық ерекшеліктерін қазіргі визуалды мәдениет контекстінде қайта пайымдап, оны анимация мен комикс жанрларына бейімдеудің негізгі қағидаларын айқындау болатын. Бұл мақсатқа жету үшін:

1. Алдар көсе бейнесінің фольклорлық табиғаты мен көркемдік ерекшеліктерін сипаттау;
2. Фольклорлық кейіпкерді визуалды мәдениет контекстінде қайта ұсынудың теориялық негіздерін анықтау;
3. Анимация мен комикстің ұлттық мазмұнды жеткізудегі көркемдік мүмкіндіктерін талдау;
4. Алдар көсе бейнесін аталған жанрларға бейімдеудің негізгі принциптерін ұсыну.
5. Ұлттық фольклорлық мұраны жаңа форматта берудің мәдени маңызын ашу.

Осы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін алдымен анимация мен комикстің теориялық негіздері және фольклорлық кейіпкерлерді заманауи визуалды мәдениетте бейнелеу тәжірибелері қарастырылады. Мақалада қазақ фольклорының классикалық кейіпкерін заманауи мультимедиялық форматтарға бейімдеудің психологиялық және мәдени аспектілері зерделенеді. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, ұлттық кодты сақтау арқылы визуалды трансформациялау моделінің ұсынылуы мақаланың өзектілігін көрсетеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің негізгі мақсатына сәйкес мақалада «Ұлттық фольклор кейіпкерлерін қазіргі визуалды мәдениет контекстінде бейнелеудің қандай принциптері тиімді?»; «Алдар көсе бейнесін заманауи визуалды форматта кескіндеу ұлттық кейіпкерлерді мәдени өзгерістерге

икемдеп қайта қолдану процесінің тиімді үлгісі бола ала ма?» деген сипаттағы зерттеу сұрақтары қойылған болатын.

Зерттеудің негізгі гипотезасы «Алдар көсе бейнесін анимация мен комикс форматында ұлттық кодты сақтай отырып бейімдеу фольклорлық мұраны қазіргі медиакеңістікте жаңғыртуға, балаларға ұлттық құндылықтарды заманауи визуалды тіл арқылы жеткізуге және дәстүрлі мәдениеттің сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деген тұжырымға негізделеді.

Зерттеу материалы ретінде қазақ фольклорындағы Алдар көсе туралы аңыз-әңгімелер мен ертегілер, отандық және шетелдік ғылыми еңбектер, анимация мен комикс теориясына арналған әдебиеттер, сондай-ақ жапон анимациясындағы фольклорлық кейіпкерлерді визуалдау тәжірибелері алынды. Материалдарды іріктеу барысында олардың мазмұндық, тәрбиелік және визуалдық ерекшеліктеріне назар аударылды. Материал сапалық тұрғыда сипатталып, тақырыптық және мазмұндық талдаудан өткізілді.

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде анимация және комикс өнерінің теориялық негіздеріне арналған ғылыми еңбектер жүйеленді. Екінші кезеңде Алдар көсе бейнесінің фольклорлық табиғаты мен оның тәрбиелік мазмұны талданды. Үшінші кезеңде фольклорлық кейіпкерлерді заманауи анимация мен комиксте визуалдау тәжірибелері салыстырмалы түрде қарастырылды. Төртінші кезеңде алынған нәтижелер негізінде Алдар көсе бейнесін визуалдаудың ғылыми-әдістемелік принциптері айқындалды.

Зерттеу барысында теориялық талдау әдісі арқылы фольклор, визуалды мәдениет, анимация мен комикс мәселелеріне қатысты отандық және шетелдік ғылыми еңбектер қарастырылды. Салыстырмалы талдау әдісі негізінде Алдар көсе бейнесінің дәстүрлі фольклордағы және қазіргі визуалды медиадағы сипаттамалары өзара салыстырылды. Контент-талдау әдісі анимациялық және комикстік өнімдердегі ұлттық кейіпкердің бейнелену ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ мәдени-антропологиялық әдістер арқылы Алдар көсе бейнесінің ұлттық дүниетаным жүйесіндегі орны мен мәдени код ретіндегі қызметі сараланды.

НӘТИЖЕЛЕР

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде қазақ фольклорындағы Алдар көсе бейнесін заманауи анимация мен комикс жанрында визуалдау балалар аудиториясы үшін тәрбиелік әрі мәдени тұрғыдан тиімді екені анықталды. Алынған нәтижелер мақаланың кіріспе бөлімінде қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеу барысында анимацияның визуалды тартымдылығы мен динамикалық сипаты балалардың назарын шоғырландырып, ақпаратты қабылдауын жеңілдететіні айқындалды. Атап айтқанда, агрессиясыз, юморға және тапқырлыққа негізделген кейіпкер образы баланың психологиялық қауіпсіздігін сақтауға ықпал етеді. Бұл тұрғыдан алғанда Алдар көсе бейнесі күш қолданусыз мәселелерді шешу үлгісін ұсынып, бейбіт мінез-құлықты қалыптастыруға қолайлы образ ретінде танылды.

Қазіргі медиа-зерттеулерде атап көрсетілгендей, кейіпкерлерді адаптациялау тек мазмұнды қайталау емес, бұл – жаңа медиа платформалар арқылы оқиғаның әлемін кеңейту процесі [7]. Осы тұрғыдан қарағанда, Алдар көсе бейнесін анимация мен комикс форматына көшіруді оның фольклорлық табиғатын трансмедиялық логика негізінде цифрлық дәуірге бейімдеу деп қарастыруға болады. Бізге Э.Менсаның трансмедиялық тұжырымдамасы, әсіресе қазіргі медиакеңістікте бейімделудің түпнұсқаны қайталау емес, кейіпкердің оқиғалық әлемін жаңа платформалар арқылы кеңейту және толықтыруға бағытталған пікірлері әсер етті [7].

Зерттеу нәтижелері Алдар көсенің фольклорлық табиғатын сақтай отырып, оны қысқа эпизодтарға негізделген анимациялық форматта және комикс құрылымында берудің тиімді екенін көрсетті. Мұндай визуалдық трансформация кейіпкердің юморлық болмысын ашып, баланың логикалық ойлауын, қиялын және себеп-салдарлық байланысты түсіну қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Алдар көсенің дәстүрлі фольклорлық архетипі мен заманауи визуалды стильдің, атап айтқанда анимациялық дизайн мен комикс эстетикасының синтезі С.И.Квонг сипаттаған «трансмәдени баяндау» үлгісіне толық сәйкес келеді [8]. Бұл процесс ұлттық бірегейліктің жаһандық заманауилық контексіндегі жаңа, гибриді формасын қалыптастырады. Осылайша фольклорлық кейіпкерлер тек өткеннің мұрасы емес, бүгінгі цифрлық мәдениеттің белсенді мүшесіне айналады.

Сонымен қатар ұлттық нақыштағы визуалдық элементтерді (киім, ою-өрнек, түстер гаммасы, музыкалық сүйемелдеу) қолдану баланың этномәдени танымын арттырып, ұлттық құндылықтарды қабылдауын күшейтетіні анықталды. Бұл тәсіл фольклорлық кейіпкердің тарихи-мәдени болмысын бұзбай, оны қазіргі көрерменге жақындатуға мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер Алдар көсе бейнесін анимациялық сериалдарда, комикстерде, оқу-әдістемелік материалдарда және цифрлық платформаларда қолдануға болатынын көрсетеді. Мұндай өнімдер балалардың фольклорға қызығушылығын арттырып қана қоймай, ұлттық кейіпкерді мәдени және экономикалық әлеуеті бар бренд ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Алдар көсе бейнесін заманауи визуалды мәдениетке бейімдеу ұлттық анимация мен комикс индустриясын дамытуға, балаларға арналған қауіпсіз әрі мазмұнды контент қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдейді. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды кеңейту ұлттық фольклор кейіпкерлерін жаһандық мәдени кеңістікке шығару мүмкіндігін арттырады.

ТАЛҚЫЛАУ

Бүгінгі таңда елімізде кеңінен көрсетіліп жүрген ресейлік, америкалық және жапондық анимациялық фильмдердің бас қаһармандары көбіне сол елдердің фольклорлық образдардың қатарынан алынады. Ал мазмұнына келер болсақ, кейбірі тікелей фольклорлық сюжеттерге сүйенсе, кейбірі заманауи сұранысқа сай аралас жанрда түсірілген. Бұл өнімдердің идеясы сол елдің мәдени, әлеуметтік контекстімен үндес келеді. Бала табиғатының еліктегіш екенін ескерсек, шетелдік бас қаһармандардың мінез-құлқы ықпал етіп, оларды ұлттық кодтан алшақтатуы мүмкін екенін терістей алмаймыз. Бала санасындағы әлем бейнесі мен адамдар арасындағы қарым-қатынас нормасы әдет-ғұрыптан алшақтаған сайын, отбасылық құндылықтар, әке-шешесімен, ата-әжесімен қарым-қатынас деңгейі өзгеруі ықтимал.

Кейбір шетелдік мультфильмдердің балаға теріс әсер ететіндігі зерттеушілер тарапынан да дәлелденген. Ю.А. Александрова, А.Р.Дятленко сияқты зерттеушілер анимациялық фильмдердің жеткіншектердің бойында отбасылық құндылықтарды қалыптастырудағы маңызын атап, кейбір ресейлік және шетелдік өнімдерді сынға алады. Авторлар анимациялық фильмдерді көру барысында туындайтын келесі проблемаларды санап көрсетеді:

- отбасына пайдасыз қауымдастық ретінде қарау;
- толық емес отбасын қалыпты жағдай ретінде беру;
- ата-ана болуды ауыр жүк ретінде көрсетіп, балалы болудан қорқуды насихаттау;
- дәстүрлі отбасылық статустың құнсыздануы [9].

Анимациялық өнімдердегі отбасылық құндылықтардың трансформациялануын филологиялық тұрғыдан талдасақ, бұл дәстүрлі фольклорлық архетиптердің деструкцияға ұшырауын байқатады. Жоғарыда аталған ғалымдар атап көрсеткен проблемалар баланың санасындағы әлеуметтік рөлдерді шатастырады. Ал біз қарастырып отырған Алдар көсе бейнесінің артықшылығы – оның агрессиясыз интеллектуалдық модель бола алуында жатыр. Егер трансмедиялық баяндау теориясы арқылы қарастырсақ, бұл кейіпкер балалардың логикалық ойлауын дамытып қана қоймай, себеп-салдарлық байланысын түсіндіретін және эмоционалдық интеллектіні қалыптастыратын бірегей дидактикалық құралдың деңгейіне көтерілетінін байқаймыз.

Нақтырақ айтсақ, Алдар көсе бейнесін визуалдау тек эстетикалық қажеттілік емес, бұл отбасын «пайдасыз қауымдастық» деп көрсетіп, қоқан-лоққыны дұрыс шешім ретінде

қабылдайтын медиа-модельдерге қарсы қойылатын ұлттық гуманистік тосқауыл. Алдар көсенің агрессиясыз тапқырлығы мен әлеуметтік белсенділігі бала бойында жат құндылықтарға қарсы иммунитет қалыптастырып, отбасы мен қоғам алдындағы жауапкершіліктің оң үлгісін визуалды деңгейде бекітеді.

Жалпы анимациялық фильмдердің тәрбиелік әлеуетін біржақты теріс бағалауға болмайды, себебі бұл жанрдың баланың тұлғалық және әлеуметтік дамуына оң ықпал ететін қырлары да бар. Кей зерттеушілер мультфильмдерді балаларға арналған алғашқы оқулықтардың бірі ретінде қабылдап, бұл өнімдер балаларды қайырымдылыққа, өзара қолдауға үйретеді, ал ересектерге балалық шақтарын еске салады деп тұжырымдайды [10].

Балалардың тәрбиесінде ұлттық кодты сақтап, көрерменнің қиялын дұрыс бағыттауға арналған отандық мультфильмдердің маңызы ерекше. Осы тұрғыдан, Алдар көсе сияқты кеңінен танымал және тәрбиелік әлеуеті жоғары фольклорлық кейіпкер заманауи анимация мен комикс форматында бейімделуге ең қолайлы образ болмақ.

Осы ретте бұл бейненің келесі қырларына тоқталған жөн:

А) Алдар көсе бейнесінің психологиялық және тәрбиелік мәні

Алдар көсе бейнесі өзінің қақтығысты физикалық күшпен емес, тапқырлық пен юмор арқылы шешуімен ерекшеленеді. Бұл қасиет оны кіші мектеп жасындағы балалар үшін қауіпсіз әрі тәрбиелік мәні жоғары образ етеді. Эпизодтық оқиғалар әрбір әрекетті моральдық қорытындыға сүйене аяқтайды, бұл баланың себеп-салдарлық байланыстарды түсінуін және логикалық ойлауын дамытады. Сонымен қатар, кейіпкердің тапқырлығы мен эзіл-қалжыңы эмоционалдық қабылдауды жеңілдетеді, агрессиясыз мінез-құлық моделін қалыптастырады.

Алдар көсе бейнесін анимациялау барысында оның фольклорлық болмысын сақтау басты шарт болуы тиіс. Ұлттық киім элементтері, табиғи реңктер мен ою-өрнектерді қолдану, шамадан тыс карикатуралық сипатқа жол бермеу баланың кейіпкерді шынайы қабылдауына мүмкіндік береді. Музыкалық сүйемелдеуде қазақы әуен элементтерін пайдалану тәрбиелік әсерді күшейтеді.

Ә) Алдар көсе бейнесін комикс және анимация форматында бейімдеудің маңызы

Қазіргі фольклортану ғылымында дәстүрлі кейіпкерлерді визуалды медиа (комикс, анимация) арқылы трансформациялау ұлттық кодты заманауи мәдени кеңістікте қайта жаңғыртудың стратегиялық құралына айналып отыр. Алдар көсе бейнесін комикс жанрына бейімдеудің бернеше ғылыми негіздерін атап өткеніміз жөн.

Алдымен визуалды нарратив және когнитивтік қабылдауға тоқталайық. Комикс форматы Алдар Көсенің «айлакер» ретіндегі психологиялық портретін қысқа кадрлар мен экспрессивті диалогтар арқылы деконструкциялауға, яғни оның ішкі уәждері мен сыртқы іс-әрекеттерін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Фольклортанушы ғалым Г. Макгвайр атап өткендей, Алдар Көсе хикаяларындағы байды алдайтын сәттер, атап айтқанда «алтын тастайтын жануар» сияқты классикалық фольклорлық мотивтер айқын визуалды динамикаға ие және бұл оларды графикалық новеллаларға айналдырудың прецедентсіз әлеуетін айқындап, кейіпкердің бұқаралық мәдениеттегі (mass culture) жаңа өміріне жол ашады [11]. Мұндай визуалды трансформация фольклорлық мәтіннің архаикалық қабығын аршып, оны бүгінгі аудиторияның қабылдау ерекшеліктеріне сәйкестендіруге, сол арқылы ұлттық мифологиялық архетиптердің өміршеңдігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Визуалды нарративтен бөлек, Алдар көсе бейнесін заманауи медиа-кеңістікке бейімдеудің әлеуметтік-педагогикалық трансформациялық маңызы да зор. Анимациялық фильмдерде кейіпкердің іс-әрекеті жеке бастың қулығы шеңберінен шығып, әлеуметтік теңсіздікті юмор арқылы реттеуші механизм ретінде қызмет етеді. Г. Макгвайрдың тұжырымдамасына сүйенсек, Алдар көсе бейнесінің жолдас және азамат деңгейіне дейін эволюциялануы оның заманауи анимациядағы этикалық таңдауды шешуші рөлін айқындай түседі. Бұл процесс балалардың кез келген шиеленіскен жағдайды, қақтығысты бейбіт және интеллектуалды жолмен шешу дағдыларын қалыптастыруға тікелей әсер ететін маңызды тәрбиелік құралға айналады.

Осы жерде бейімдеудің келесі бір аса маңызды қыры – мәдени реконтекстуализация мәселесі туралы да айта кеткен жөн. Өйткені комикс жанрына тән мимика мен жест арқылы берілетін бай эмоционалдық әсер баланың кейіпкермен сәйкестендірілу (идентификациялану) процесін жеделдетеді. Мәтін мен суреттің симбиозы фольклорлық шығарманың архаикалық қабатын жаңғыртып, оны бұқаралық мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналдырады. Бұл ұлттық мұраның трансгенерациялық берілуін қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ бұл форматтар динамикалық оқыту модулі ретінде де ерекше тиімді. Қазіргі клиптік ойлау дәуірінде қысқа, динамикалы анимациялық эпизодтар ақпаратты қабылдаудың ең оңтайлы формасы болып отыр. Ол фольклорлық материалды қабылдау кезінде когнитивтік шаршауды болдырмай, әрбір оқиғаны моральдық-этикалық қорытындысы бар құрылымдық жүйеге келтіреді. Қысқа кадрлар мен диалогқа негізделген сюжет арқылы кейіпкердің тапқыр мінезін ашуға болады. Әрбір эпизод шағын сюжетке құрылған және тәрбиелік оймен түйінделеді. Мимика, қимыл-қозғалыс арқылы бала эмоциялық қабылдауды дамытады, мәтін мен сурет үйлесімді байланысқа түседі. Ал анимациялық фильмдерде Алдар көсенің оқиғалары әлеуметтік мәселені юмор арқылы шешуге бағытталады. Бұл баланың мәселені бейбіт жолмен шешу дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар қысқа, динамикалы эпизодтар балалардың зейінін тез аударып, моральдық қорытындыға негізделген әр оқиға оларды қызықтыра түседі.

Б) Алдар көсе бейнесінің Ұлттық бренд ретінде танымал болу әлеуеті

Зерттеуші Қ.Молдатаев атап өткендей, Алдар көсе циклі ең алдымен қазақ фольклорында қалыптасып, кейіннен басқа түркі халықтарының шығармаларына ауысқан [12]. Бұл кейіпкер трансшекаралық сипатқа ие. Зерттеушінің талдауына сүйенсек, ол өзбек, қырғыз, татар, ұйғыр, дағыстан, иран әдебиетінде кездесіп, көбіне жағымды трикстер қызметін атқарады. Алайда бұл халықтардың шығармаларында оның айлакерлігі ғана сипатталады. Ал қазақ фольклорында Алдардың дүниеге келген сәтінен бастап баяндалатын тұтас цикл бар. Тіпті кей аңыздарда оның әкесінің аты мен руы да айтылады. Алайда біз Алдар көсе бейнесін қазақ фольклорындағы мифологиялық қасиет пен тарихи тұлғалық нышандардың синтезінен тұратын күрделі образ ретінде қарастырамыз. Зерттеушілер бұл кейіпкердің өмір сүрген уақыты мен шығу тегін анықтауға ұмтылғанымен, қолда бар деректер нақты шешім қабылдауға мүмкіндік бере алмайды.

Фольклорлық мифологизация шеңберінен шықпайтын мұндай қаһармандарды нақты тарихи тұлға ретінде тану ғылыми объективтілік тұрғысынан да дұрыс болмас еді. Дегенмен оның ұлттық танымдағы маңызын, халықтың рухани болмысын сақтаушы және ұлттық зияткерлік үлгісін қалыптастырушы жиынтық тұлға ретіндегі орнын жоққа шығаруға болмас. Мұны кейіпкердің жиынтық бейне ретіндегі күрделі табиғаты да нақтылай түседі.

Әлемдік тәжірибеде анимация мен комикс арқылы ұлттық брендке айналған фольклорлық кейіпкерлер жиі кездеседі. Алдар көсе де осындай әлеуетке ие. Анимациялық сериалдар, комикстер, кітаптар, ойыншықтар арқылы бейнеленген кейіпкерді кеңінен насихаттау мәдени және экономикалық тұрғыдан тиімді. Бұл үрдіс отандық анимация индустриясын дамытуға, ұлттық құндылықтарды заманауи форматта таратуға мүмкіндік береді. Алдар көсенің тарихи тұлға екендігі дәлелденбесе де, оның фольклорлық статусы бала тәрбиесіндегі шетелдік деструктивті кейіпкерлерге қарсы тұра алатын ең қуатты рухани институт болып қала береді.

Алдар көсе бейнесін балалардың жас ерекшелігіне қарай бейімдеу модельдері

Жас сегменті	Визуалды бейне	Трикстерлік әрекет	Педагогикалық мақсаты
4–6 жас (мектепке дейінгі кезең)	Дөңгелек пішіндер, жұмсақ сызықтар, ашық және жылы түстер. Кейіпкердің бет-әлпеті мейірімді, көздері үлкен әрі экспрессивті.	Қарапайым юмор көрсетіліп, оқиғалар физикалық әрекетке (мысалы, байдың орнынан тұра алмай қалуы, атына теріс мінуі) негізделеді. Ол ешкімді	Эмоционалдық интеллектіні дамыту, кейіпкермен достық байланыс орнату.

		«жазаламайды», тек қалжындайды.	
7–10 жас (кіші мектеп жасы)	Динамикалық комикс стиліне көшу, анық контурлар, ұлттық киім детальдарына (шекпен, тымақ) басымдық беру. Мимикасында қулық пен тапқырлық нышандары айқын көрінеді.	Басты орынға интеллектуалды айла шығады. Сюжетте себеп-салдарлық байланыс күрделенеді. Алдар озбырлық пен сараңдыққа жауап ретінде әділеттілікті орнатады.	Логикалық ойлау, әділеттілік сезімін және моральдық таңдау қабілетін қалыптастыру.
11–14 жас (жасөспірімдер)	Стилизацияланған графиканы қолдану, этно-фэнтези элементтері, қанық түстер. Кейіпкердің портретінде тереңдік пен философиялық мұң немесе өткір сатира бейнеленеді.	Әлеуметтік сатира көрініс алады. Трикстерлік әрекеттер қоғамдық мәселелерді әшкерелеуге бағытталады. Кейіпкер «азаматтық» жауапкершілік деңгейіне көтеріледі.	Ұлттық код пен мәдени бірегейлікті цифрлық форматта қабылдау.

4-6 жастағы бала үшін визуалды қабылдау аса маңызды. «Дөңгелек пішіндерді» қолдану баланың психологиялық қауіпсіздік сезімін тудырады, ал Алдар көсенің агрессиясыз табиғатын аша түседі. Баланың жасы өскен сайын кейіпкердің де трикстерлік эволюциясын қатар алып жүру аса маңызды. Алдар көсенің «алдау» әрекетін жай қулықтан әлеуметтік әділеттілікті реттеуші механизмге айналдыру баланың әлеуметтік рөлдерді дұрыс түсінуіне көмектеседі. Сондай-ақ оның киімінде және көріністерде қазақтың ою-өрнектерін беруді, анимацияны ұлттық нақыштағы әуенмен сүйемелдеуді барлық жас топтары үшін қолдануды ұсынамыз. Бұл этномәдени танымды арттырудың басты құралы болып қала бермек.


Қазақ фольклорындағы Алдаркөсе бейнесі – халықтың әділеттілікке деген ұмтылысынан туған жиынтық антропоморфтық образ. Фольклорлық шығармаларда Алдар көсенің туған немесе жерленген жері туралы нақты топонимикалық деректердің болмауы оның мифологиялық трикстер архетипіне жақындығын көрсетеді. Бұл бейне ортағасырлық Еуропа әдебиетіндегі Робин Гуд немесе Шығыс халықтарына тән айлакер кейіпкерлермен функционалдық тұрғыдан ұқсас болғанымен, оның визуалды болмысы таза этно-мәдени сипатқа ие. Кейіпкердің «Көсе» есімі оның басты физиологиялық ерекшелігін айқындайды. Аңыздарда Алдаркөсенің әйел кейпіне еніп, Шығайбайды алдауы оның дене бітімінің «талдырмаш» және бет пішінінің «әдемі» болуын талап етеді. Бұл – анимациядағы метаморфоза принципіне толық сәйкес келеді. Егер кейіпкер тым ірі немесе батыр тұлғалы болса, оның фольклорлық маневрлері визуалды сенімділіктен айырылар еді. Алдаркөсе бейнесін ертегілердегі Тазша бала бейнесінің эволюциялық жалғасы ретінде қабылдауға болады. Оны халықтық арман-тілектің визуалды іске асуы деп танысақ, қателеспейміз.

Зерттеу барысында Алдаркөсенің фольклорлық туындылардағы «сөздік портреті» жинақталып, оның негізінде келесі визуалды концепция жасалған болатын:

- Физиогномикалық сипаттамасы: Аңыздардағы «жылмиған көсе» сипаттамасын негізге ала отырып, кейіпкердің сақал-мұрты жоқ, бет әлпеті жас әрі қуақы жігіт бейнесі модельденді. Кейіпкердің бетіндегі «қулық іздері» (мимикалық сызықтар) оның ішкі интеллектуалдық басымдығын білдіреді.
- Антропометрия және динамикасы: Халықтың қу адамдарға байланысты айтылатын «бойы арамдықтан өспеген» деген метафорасы басшылыққа алынып, кейіпкердің бойы аласа, дене бітімі талдырмаш етіп салынды. Бұл оның кез келген ортада трансформациялануына (мысалы, әйел кейпіне ену) мүмкіндік береді. Оның қимылы – шалт, қозғалысы – еркін болуы тиіс.
- Костюмі мен атрибуттары: Символдық реализм принципі бойынша, Алдардың үстіндегі жеңсіз қысқа шапан мен басындағы орамалы оның күрескерлік және динамикалық өмір салтын айқындайды. Қолындағы қамшысы оның жайдақ жүрмейтіндігін байқатады. Қамшы мен дорбасын оның әрекетшіл табиғатының визуалды маркерлері ретінде қабылдауға болады.

Жоғарыда келтірілген дескриптивті сипаттамалар нәтижесінде Алдаркөсе бейнесінің келесідей визуалды концепциясы жасалды (1-сурет):

1-сурет. Алдаркөсе бейнесінің визуалды шешімі.



Ескерту: Автордың зерттеуі негізінде құрастырылған [1]

Аңыз кейіпкерінің оңтайлы тұстарын санамалай келе, қазақ фольклоры кейіпкерлерінің ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда орны ерекше екенін байқадық. Фольклорлық кейіпкерлер бас қаһарман ретінде алынған шығармалардың сюжеті тартымды, тәрбиелік мәні жоғары болып келеді. Бұл фольклорлық образдардың көрерменмен байланысын тиімді ұйымдастыруға болатынын аңғартады. Десек те, кейбір анимациялық фильмдердің физикалық және психологиялық кері әсері болатынын, кадрлардың жылдам ауысуы, контенттің мазмұны баланың дамуына кедергі келтіруі мүмкін екенін де естен шығармағанымыз жөн. Сол себепті де отандық анимацияның сапасын арттыру, ұлттық кодты сақтау және педагогикалық мақсатқа сәйкес қолданудың маңыздылығы артады.

Талқылау нәтижесі көрсеткендей, анимациялық фильмдер мен комикстер балалардың эстетикалық, когнитивтік және әлеуметтік дамуына әсер ететін күшті құрал екені анықталды. Алдар көсе бейнесі өзінің агрессиясыз, тапқырлыққа негізделген әрекеттерімен, юморлық сипатымен, ұлттық ерекшелігімен балаларға арналған анимациялық өнімдерде қолдануға ең қолайлы кейіпкер болып отыр. Ұлттық фольклордан алынған бейнелерді заманауи визуалды форматқа бейімдеу ұлттық бренд қалыптастыруға, мәдени құндылықтарды таратуға мүмкіндік береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу барысында Алдар көсе бейнесін қазақ фольклорынан қазіргі анимация және комикс форматтарына бейімдеудің педагогикалық, психологиялық және мәдени аспектілері қаралды. Нәтижелер көрсеткендей, анимациялық және комикстік өнімдер балаларға білім беру мен тәрбиелік процесте кешенді құрал ретінде қызмет ете алады. Жарқын визуалды бейнелер, әсем әуен, кейіпкерлердің киім үлгілері мен қоршаған ортаның көрінісі баланың этнографиялық танымын, тілдік дағдыларын және мәдени сана-сезімін дамытуға ықпал етеді.

Алдар көсе – қазақ фольклорындағы гуманистік трикстердің үлгісі. Оның «бірінші болып алдамау» принципі заманауи медиа-өнімдердегі деструктивті кейіпкерлерге, яғни тек өз мүддесін ойлайтын антиқаһармандарға қарсы тұра алатын этикалық иммунитет қалыптастырады. Өйткені Алдар көсе бейнесінің этикалық өзегі немесе трикстердің әлеуметтік миссиясы «жақсылық жамандықты жеңеді» деген халықтық ұстанымға барып

тіреледі. Алдар көсе алаяқ емес, оның ұстанатын өз моральдық кодексі бар. Оның әрекеті – реактивті алдау, яғни әрқашан сараң байдың, озбыр ханның немесе қу молданың әрекетіне жауап ретінде іске қосылады. Әділетсіздік болмаса, Алдар да айласын қолданбайды. Оның алдауы байлыққа қол жеткізуді көксемейді, ол қоғамдағы бұзылған тепе-теңдікті қалпына келтіруді ғана көздейді.

Алдар көсенің психологиялық портретін қазіргі балаларға қажет үлгі деуге толық негіз бар. Физикалық күш қолданбай-ақ ақылмен шешіп, үнемі әлсіздерге көмектесіп жүруі оны просоциалды кейіпкерге айналдырып, бала мен кейіпкердің арасындағы эмоционалды байланысты нығайта түседі. Алдар көсе бейнесінің ерекшелігі – оның тапқырлыққа және юморға негізделген мінез-құлқы, агрессиясыз әрекеті. Бұл баланың логикалық ойлауын, себеп-салдарлық байланысын, әлеуметтік дағдыларын және моральдық шешім қабылдау қабілетін дамытуға көмектеседі.

Анимациялық өнімдер балалардың:

- адамгершілік қасиеттерін дамытуға;
- эстетикалық талғам мен мәдени сана-сезімді қалыптастыруға;
- тілдік дағдыларын, қиял мен шығармашылық қабілеттерін жетілдіруге;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді заманауи визуалды контексте ұсынуға;
- оқу-тәрбие процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді.

Дегенмен анимациялық фильмдердің кейбір теріс әсері де бар: кадрлардың қарқынды ауысуы, мазмұнның ересектерге бағытталуы, әлеуметтік құндылықтардың дұрыс берілмеуі баланың психикалық және физикалық дамуына әсер етуі мүмкін. Сондықтан мақсатты аудиторияны дұрыс таңдау, ата-ана қатысуын ұйымдастыру және педагогикалық бақылау аса маңызды.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен АР26104063 «Аңыз-әңгіме кейіпкерлерінің визуалды портретін әзірлеудің филологиялық негізі және практикалық маңызы» атты гранттық жобасы аясында жазылды.

Жұмысты жазу барысында генеративті жасанды интеллект, атап айтқанда, ChatGPT, OpenAI, GPT-5.3 моделі мәтінді редакциялау мақсатында пайдаланылды. Авторлар мақаланың мазмұны, деректердің дұрыстығы және ғылыми тұжырымдар үшін толық жауапкершілік алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ильясова Г. Орысша-қазақша терминологиялық анықтамалық сөздік (Ақпараттық жүйе саласы). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту орталығы, 2010. – 312 б.
- 2 Zhang, Q. (2021). Positive effects of prosocial cartoon viewing on aggression among children: The potential mediating role of aggressive motivation. *Frontiers in Psychology*, 12, Article 742568. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.742568>.
- 3 Yusof, N. A., Mastor, K. A., Mamat, M., Lim, K. K., Haron, H. M., Tahir, H. M., Jaafar, R., & Baharum, K. (2023). The influence of anime as Japanese popular culture among art and design students. *Nurture*, 17(4), 493–503. <https://doi.org/10.55951/nurture.v17i4.374>
- 4 Hidayat, D., & Hidayat, Z. (2020). Anime as Japanese intercultural communication: A study of the weeaboo community of Indonesian Generation Z and Y. *Romanian Journal of Communication and Public Relations*, 22(3), 85–103. <https://doi.org/10.21018/rjcpr.2020.3.310>.
- 5 Бурибеков О.С., Нурмуратов С.Е., Сайнанов Б.А., Сартеева Р.С. // Анимация жанры және оның ұлттық бірегейлікті айқындаудағы маңызы. // Адам әлемі. – 2023. № 2 (96). – Б. 25-34.

- 6 Алешкин Н.И., Щукина И.А. // Агрессивті мазмұндағы мультипликациялық фильмдердің мектепке дейінгі жастағы балалардың мінез-құлқына әсері // Сібір психологиялық журналы. №16-17, 2002. Б. 56-61.
- 7 Mensah, E. (2025). «Transmedia Storytelling and Adaptation Studies: New Horizons for a Convergent Era», *Literary Horizons Review*, 1(1), 27-32. <https://doi.org/10.64229/bbmeq644>
- 8 Kwong, S. Y. (2025). «Reimagining Modernity: Transcultural Narratives and the Reconstruction of Identity in Contemporary Global Literature», *Literary Horizons Review*, 1(2), 1-8. <https://doi.org/10.64229/dq1nkn56>
- 9 Александрова Ю.А., Дятленко А.Р. Ресейлік мультипликацияның дамуы // Ұлттық Ғалымдар Қауымдастығы. – 2016. № 9 (25). – С. 84-87.
- 10 Немова О.А., Бурухина А.Ф. Мультипликациялық фильмдер отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру құралы ретінде. Мәскеу университетінің хабаршысы. 18-серия. Әлеуметтану және саясаттану. 2014;(1):152-173. <https://doi.org/10.24290/1029-3736-2014-0-1-152-173>
- 11 McGuire, G. V. (2022). Trickster, Comrade, Citizen: The Adventures of Aldar Kōse in Kazakh Folktales and Mass Culture. *Journal of American Folklore*, 135(537), 281–304.
- 12 Молдатаев Қ. Б. Алдар Көсе жайлы зерттеулер. // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2014. – № 3(149). – 35-40 бб.
- 13 Prithviraj, M. M., Alam, M. R., & Devi, N. (2024). The cartoon character syndrome: Navigating the impact on childhood development in the digital age. *Indian Journal of Psychiatry*, 66(5), 463–465. https://doi.org/10.4103/indianjpsychiatry.indianjpsychiatry_201_24

Материал 28.03.2026 баспаға түсті

Проблемы визуализации образа Алдара косе в современной анимации и комиксах

С.А. Итегулова¹, Б.С.Жонкешов¹

¹Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, 050010, Казахстан

Современные мультимедийные продукты оказывают значительное влияние на детскую психику, в связи с чем эффективная визуализация фольклорных персонажей в форматах анимации и комикса является актуальной проблемой. Целью исследования является раскрытие педагогического, психологического и культурного потенциала визуализации образа Алдара косе, относящегося к типу «парасатты жеңімпаз» (победитель, одерживающий верх посредством разума) в казахском фольклоре. В статье комплексно рассматриваются особенности образа Алдара косе, основанные на юморе и неагрессивной модели поведения, принципы сохранения национального кода, а также пути адаптации с учетом возрастных особенностей аудитории.

Теоретическая значимость статьи определяется систематизацией методических подходов к адаптации фольклорных персонажей в современных мультимедийных форматах, а также вкладом в развитие научных исследований в области анимации и комикса. Практическая значимость обусловлена выводами, направленными на повышение воспитательного, эстетического и когнитивного потенциала мультимедийных продуктов для детской аудитории, а также на развитие отечественной анимационной индустрии посредством формирования национальных персонажей как культурных брендов.

В качестве методов исследования использовались контент-анализ, сравнительный анализ, культурно-антропологический и теоретический анализ. В качестве материала исследования были привлечены сказки об Алдаре косе казахского фольклора, отечественные и зарубежные научные труды, литература по теории анимации и комикса, а также опыт визуализации фольклорных персонажей в японской анимации.

Результаты исследования показывают, что образ Алдара косе благодаря эпизодической структуре, юмористическому характеру и неагрессивным действиям эффективно

способствует развитию у детей логического мышления, понимания причинно-следственных связей, эмоционального восприятия и социальных навыков. Использование элементов национальной одежды, орнамента и музыкального сопровождения способствует расширению этнокультурного кругозора детей. Представление персонажа посредством анимационных сериалов, комиксов и учебно-методических материалов создает условия для формирования национального бренда и популяризации культурных ценностей.

Таким образом, проведенное исследование предлагает эффективную с педагогической, психологической и культурной точек зрения методику адаптации образа Алдара Косе в современных мультимедийных продуктах, внося вклад в эстетическое, когнитивное и воспитательное развитие детей.

Ключевые слова: Алдар Косе, анимация, комикс, визуализация, национальный код, педагогический потенциал.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Ильясова Г. Русско-казахский терминологический справочный словарь (Информационная система). – Алматы: Институт развития государственного языка, 2010. – 312 с.
 - 2 Zhang, Q. (2021). Positive effects of prosocial cartoon viewing on aggression among children: The potential mediating role of aggressive motivation. *Frontiers in Psychology*, 12, Article 742568. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.742568>.
 - 3 Yusof, N. A., Mastor, K. A., Mamat, M., Lim, K. K., Haron, H. M., Tahir, H. M., Jaafar, R., & Baharum, K. (2023). The influence of anime as Japanese popular culture among art and design students. *Nurture*, 17(4), 493–503. <https://doi.org/10.55951/nurture.v17i4.374>
 - 4 Hidayat, D., & Hidayat, Z. (2020). Anime as Japanese intercultural communication: A study of the weeaboo community of Indonesian Generation Z and Y. *Romanian Journal of Communication and Public Relations*, 22(3), 85–103. <https://doi.org/10.21018/rjcp.2020.3.310>.
 - 5 Бурибеков О.С., Нурмуратов С.Е., Сайнанов Б.А., Сартаева Р.С. Жанр анимации и его значение в формировании национальной идентичности // *Мир человека*. – 2023. № 2 (96). – С. 25–34.
 - 6 Алешкин Н.И., Щукина И.А. // Влияние мультипликационных фильмов агрессивного содержания на поведение детей дошкольного возраста. // *Сибирский психологический журнал*. №16-17, 2002. С 56-61.
 - 7 Mensah, E. (2025). «Transmedia Storytelling and Adaptation Studies: New Horizons for a Convergent Era», *Literary Horizons Review*, 1(1), 27-32. <https://doi.org/10.64229/bbmeq644>
 - 8 Kwong, S. Y. (2025). «Reimagining Modernity: Transcultural Narratives and the Reconstruction of Identity in Contemporary Global Literature», *Literary Horizons Review*, 1(2), 1-8. <https://doi.org/10.64229/dq1nkn56>
 - 9 Александрова Ю.А., Дятленко А.Р. (Развитие российской мультипликации // *Национальная Ассоциация Ученых*. – 2016. № 9 (25). – С. 84-87.
 - 10 Немова О.А., Бурухина А.Ф. Мультипликационные фильмы как средство формирования семейных духовно-нравственных ценностей. *Вестник Московского университета. Серия 18. Социология и политология*. 2014;(1):152-173. <https://doi.org/10.24290/1029-3736-2014-0-1-152-173>
 - 11 McGuire, G. V. (2022). Trickster, Comrade, Citizen: The Adventures of Aldar Köse in Kazakh Folktales and Mass Culture. *Journal of American Folklore*, 135(537), 281–304.
 - 12 Молдатаев К. Б. О научных исследованиях образа Алдара Косе. // *Вестник КазНУ. Серия филологическая*. – 2014. – № 3(149). – С. 35-40.
 - 13 Prithviraj, M. M., Alam, M. R., & Devi, N. (2024). The cartoon character syndrome: Navigating the impact on childhood development in the digital age. *Indian Journal of Psychiatry*, 66(5), 463–465. https://doi.org/10.4103/indianjpsychiatry.indianjpsychiatry_201_24
- Материал поступил в редакцию журнала 28.03.2026

Problems of visualizing the image of Aldar köse in contemporary animation and comics

S. Itegulova¹, B. Zhonkeshev¹

¹Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, 050010, Kazakhstan

Modern multimedia products exert a significant influence on children's psychological development; therefore, the effective representation of folklore characters in animation and comic formats has become an urgent issue. This study aims to reveal the pedagogical, psychological, and cultural potential of visualizing Aldar kose, a representative of the "wise victor" archetype in Kazakh folklore. The article comprehensively examines his defining traits – humor and non-aggressive behavior – alongside the principles of preserving the national cultural code and adapting the character to the age-specific characteristics of the audience.

The theoretical significance of the study lies in the systematization of methodological approaches to adapting folklore characters to contemporary multimedia formats, thereby contributing to research in animation and comics. Its practical relevance is reflected in proposals aimed at enhancing the educational, aesthetic, and cognitive potential of children's multimedia products, as well as in promoting the development of the domestic animation industry through the transformation of national characters into cultural brands.

The research methodology includes content analysis, comparative analysis, cultural-anthropological analysis, and theoretical inquiry. The materials comprise Kazakh folklore tales about Aldar kose, domestic and international scholarly works, literature on animation and comics theory, and examples from Japanese animation practices in visualizing folklore characters.

The findings demonstrate that Aldar kose's episodic narrative structure, humor, and non-aggressive actions effectively foster children's logical thinking, causal reasoning, emotional perception, and social skills. The use of national costumes, ornamental patterns, and musical accompaniment enhances ethno-cultural awareness. Presenting the character through animated series, comics, and educational materials contributes to national brand formation and the promotion of cultural values.

Thus, the study proposes an effective pedagogical, psychological, and cultural framework for adapting Aldar kose to modern multimedia products, contributing to children's aesthetic, cognitive, and moral development.

Key words: Aldar kose, animation, comics, visualization, national identity code, pedagogical potential.

REFERENCES

- 1 Ilyasova, G. (2010). *Orysha-kazaksha terminologiyalyk anyktamalyk sozdik (Akparattyk zhuye salasy)* [Russian-Kazakh terminological reference dictionary (Information systems field)]. Almaty: Institute for the Development of the State Language.
- 2 Zhang, Q. (2021). Positive effects of prosocial cartoon viewing on aggression among children: The potential mediating role of aggressive motivation. *Frontiers in Psychology*, 12, Article 742568. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.742568>.
- 3 Yusof, N. A., Mastor, K. A., Mamat, M., Lim, K. K., Haron, H. M., Tahir, H. M., Jaafar, R., & Baharum, K. (2023). The influence of anime as Japanese popular culture among art and design students. *Nurture*, 17(4), pp. 493–503. <https://doi.org/10.55951/nurture.v17i4.374>
- 4 Hidayat, D., & Hidayat, Z. (2020). Anime as Japanese intercultural communication: A study of the weeaboo community of Indonesian Generation Z and Y. *Romanian Journal of Communication and Public Relations*, 22(3), pp. 85–103. <https://doi.org/10.21018/rjcpr.2020.3.310>.
- 5 Buribekov, O. S., Nurmuratov, S. E., Sainanov, B. A., & Sartaeva, R. S. (2023). *Animatsiya zhanry zhane onyn ulttyk biregeylikti aykyndaudagy manyzy* [The animation genre and its role in shaping national identity]. *Adam Alemi*, 2(96), pp. 25–34.

- 6 Aleshkin, N. I., & Shchukina, I. A. (2002). *Vliyanie multiplikatsionnykh filmov agressivnogo soderzhaniya na povedenie detey doshkolnogo vozrasta* [The influence of aggressive animated films on the behavior of preschool children]. *Siberian Psychological Journal*, (16–17), pp. 56–61.
- 7 Mensah, E. (2025). «Transmedia Storytelling and Adaptation Studies: New Horizons for a Convergent Era», *Literary Horizons Review*, 1(1), pp.27-32. <https://doi.org/10.64229/bbmeq644>
- 8 Kwong, S. Y. (2025). «Reimagining Modernity: Transcultural Narratives and the Reconstruction of Identity in Contemporary Global Literature», *Literary Horizons Review*, 1(2), pp. 1-8. <https://doi.org/10.64229/dq1nkn56>
- 9 Aleksandrova, Y. A., & Dyatlenko, A. R. (2016). *Razvitie rossiyskoy multiplikatsii* [Development of Russian animation]. *National Association of Scientists*, 9(25), pp. 84–87.
- 10 Nemova, O. A., & Burukhina, A. F. (2014). *Multiplikatsionnye filmy kak sredstvo formirovaniya semeynykh dukhovno-nravstvennykh tsennostey* [Animated films as a means of forming family spiritual and moral values]. *Moscow University Bulletin. Series 18: Sociology and Political Science*, (1), pp. 152–173. <https://doi.org/10.24290/1029-3736-2014-0-1-152-173>
- 11 McGuire, G. V. (2022). Trickster, Comrade, Citizen: The Adventures of Aldar Köse in Kazakh Folktales and Mass Culture. *Journal of American Folklore*, 135(537), pp. 281–304.
- 12 Moldataev, K. V. (2015). *Aldar Köse zhaily zertteuler* [Research on the image of Aldar Kose], *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, 149(3). Available at: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/379>
- 13 Prithviraj, M. M., Alam, M. R., & Devi, N. (2024). The cartoon character syndrome: Navigating the impact on childhood development in the digital age. *Indian Journal of Psychiatry*, 66(5), pp. 463–465. https://doi.org/10.4103/indianjpspsychiatry.indianjpspsychiatry_201_24

Received: 28.03.2026

МРНТИ 17.82.10

DOI: [10.59102/kufil/2026/iss2pp300-316](https://doi.org/10.59102/kufil/2026/iss2pp300-316)

М.Б. Молдағали¹, *Д.А. Сабирова¹, Д.Б. Бексұлтан¹

¹НАО «Казахский национальный педагогический университет имени Абая», Алматы, 050001, Казахстан

СПЕЦИФИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИНТЕРНЕТ-ПОЭЗИИ

Статья посвящена специфике казахстанской интернет-поэзии, формирующейся в интернет пространстве и отражающей современные культурные и социальные процессы. Интернет-поэзия рассматривается как часть интернет-литературы, понимаемой в данной работе как литература, публикуемая исключительно в сети Интернет и не имеющая бумажных носителей. В статье анализируются основные особенности казахстанской интернет-поэзии, включая жанровое разнообразие, экспериментирование с формой и языком, а также специфику взаимодействия авторов с читательской аудиторией.

Особое внимание уделяется поэтическим текстам, публикуемым в социальных сетях, блогах и на литературных интернет платформах, а также влиянию интернет среды на способы восприятия поэтических произведений. Рассматривается влияние интернет пространства на поэтический язык, структуру текстов и формы коммуникации между автором и читателем.

В статье исследуется отражение национальной идентичности и актуальных социальных проблем в казахстанской интернет-поэзии, а также стремление поэтов к поиску новых форм художественного самовыражения. В работе используется анализ поэтических текстов и теоретические подходы к изучению интернет-литературы. Предпринята попытка анализа произведений Корғанбека Аманжолы, Қуаныша Жазая, Нұрсұлтан